

«№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Бұйрық

Мәртөк а.

№ 166

01.09.2023

«Балалар және театр»  
жоспарын бекіту туралы

Аудандық білім бөлімі, Ақтөбе облысы білім басқармасының  
18.01.2021 жылғы № 2-200 хаты негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылына мектепшілік «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Іс-шаралар жоспарын құру орыс тілі және орыс әдебиеті пәні мұғалімі Н.А.Скороходоваға және музыка пәні мұғалімі Ф.С.Мусағалиева, бастауыш сынып мұғалімі Т.А.Сеилханға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.М.Жакуповаға қалдырылсын.

Мектеп директоры:



М.Ш.Жамаладинов

Бұйрықпен таныстым:

Ж.М.Жакупова  
Н.А. Скороходова  
Ф.С.Мусағалиева  
Т.А.Сеилхан



Бекітемін:  
№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін  
мектебінің директоры:  
М.Ш.Жамаладинов

**№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру жөніндегі 2023-2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары.**

№	Іс-шараның атауы Наименование мероприятия	Орындалу мерзімі Срок исполнения	Аяқталу нысаны Форма завершения	Орындауға жауаптылар Ответственные за исполнение
1	Іріктеу(Кастинг). Жоспар құрастыру Составление плана.	сентябрь	Үйірме жұмысын жандандыру	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
2	«Біз бірдейміз – біз әр түрліміз» аудандық өнер саласында қызмет атқаратын тұлғалармен кездесу. Встреча с лицами, занимающими должности в области искусства«Мы одинаковые – мы разные».	Қыркүйек Сентябрь	Мектепте кездесу ұйымдастыру Организация встречи в школе	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
3	«Балдаурен – бақытты балалық шақ» атты байқау ұйымдастыру Организация конкурса " Балдаурен-счастливое детство»	Қазан октябрь	Мектепшілік байқау Внутришкольный конкурс	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
4	«Театрлық шеберхана» аудандық театрлық қойылым байқауына дайындық Подготовка к районному театрализованному конкурсу постановок «Театральная мастерская» Конкурс инсценировок басен Крылова	Желтоқсан декабрь	Аудандық байқау Районный конкурс	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
5	«Театр тәрбие бесігі» Ахмет Байтұрсынұв 150 жылдығына орай «Ахмет мысалдары сахнада» танымдық сабақ «Театр одна из основ воспитания» Сказочный спектакль по произведению А.С. Пушкина «Сказка о царе Салтане»	Қаңтар Январь Ақпан февраль	Ертегілер қойылымы	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.

6	«Театр тәрбие бесігі» Наурыз мейрамы театрланған көрініс «Колыбель театрального воспитания» Праздник «Наурыз» театрализованное представление	Наурыз март	Мектепішілік көрініс	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
7	1.«Театр балалар көзімен» эссе байқауы Конкурс эссе «Театр глазами детей »	Сәуір апрель	мектепішілік байқау школьный конкурс	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
8	«Театр отбасында» отбасы мүшелерімен ертегі кейіпкерлеріне тик-ток түсіру. Съемка тик-тока на сказочных персонажей с членами семьи «В театральной семье»	Мамыр май	Мектепішілік байқау Внутришкольный конкурс	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
9	Театрлық қойылымдарға бару Посещение театральных постановок	Жыл бойы В течение года	Мектепішілік Школьный	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
10	Театр әртістерінің өмір жолына виртуалды шолу жасау Виртуальный обзор жизненного пути артистов театра	Жыл бойы В течение года	Мектепішілік Школьный	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
11	«Театр хабаршысы». Мектептің әлеуметтік желісінде театрдың тыныс тіршілігін, өткізілген іс- шаралармен және жаңалықтармен бөлісу. «Вестник театра». Поделимся жизнью театра, проводимыми мероприятиями и новостями в социальной сети школы.	Жыл бойы В течение года	Мектепішілік Школьный	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.
12	«Театр этикеті» (Қазақстан театрларына виртуалды саяхат) «Театральный этикет» (виртуальное путешествие в театры Казахстана)	Жыл бойы В течение года	Мектепішілік Школьный	Скороходова Н.А Сейлхан Т.А Мусағалиева Ф.

### **№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру жөніндегі 2023-2024 жылға арналған іс-шаралар талдамасы**

**Мақсаты:** Оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.

1. Жылдық жоспар құрылды;
2. Жетекшілер тағайындалды;

#### **Іріктеу (Кастинг). Жоспар құрастыру.**

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің құралы. Сондықтан өскелең ұрпақтың арасында өнердің осы бір түрін дамыту өте маңызды. Биылғы оқу жылында білім беру ұйымдарының тәрбие бағытындағы жұмыстарының мазмұнын толықтыру мақсатында «Балалар және театр» жобасы қолға алынған болатын. «Балалар және театр» жобасын енгізудегі мақсат – оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.

#### **Іріктеу кезеңінің мақсаты:**

- мектеп қабырғасында театр мәдениетін қалыптастыру;
- оқушылардың шығармашылығын дамыту;
- сахнада өз-өзін ұстау және еркін сөйлеу мәнерін жақсарту;

«Балалар және театр» жобасы аясында мектебімізде 9-қыркүйек күні іріктеу кезеңі өткен болатын. Іріктеу кезеңіне 1-8 аралығындағы қазақ және орыс сыныптарының оқушылары қатысып, өнерлерін паш етті. Іріктеу кезеңінде «Балалар және театр» жобасының жетекшісі, мектебіміздің аға-тәлімгері Сатпаев Аслан Канибекович және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жакупова Жадыра Мырзағалиевна төрешілік етті.

Іріктеу нәтижесінде жоба қатысушылары анықталып, жұмыс жоспары құрылды.

**«Біз бірдейміз – біз әртүрліміз» аудандық өнер саласындағы қызмет атқаратын тұлғалармен кездесу.**

Жылдық жоспар бекітілген соң, жоспарға сәйкес жоба қатысушыларын өнер саласының қызметкерімен кездесуі ұйымдастырылды. Бұл кездесудің мақсаты: оқушыларға өнер ұғымы киелі екенін түсіндіру, өнерді бағалауды үйрету болатын. Ауданымыздың жас ақыны, Қ.Медетов атындағы балалар өнер мектебінің айтыс класының мұғалімі Жаңажол Мұқановпен кездесу өтті. Айтыскер ақын болғысы келетін оқушыларға бағыт-бағдар көрсетіп, оқушылардың өнер саласына деген қызығушылығын арттырып, мектебімізге, оқытушы, оқушыларға деген жылы лебіздерін арнау арқылы білдірді. Оқушылар кездесуден қанаттып, мотивация алды.

<https://www.instagram.com/reel/CxKnE1jo5jd/?igsh=em02b205bnd2OWJq>

**«Балдаурен – бақытты шақ»**

Оқушыларға театр әдебін түсіндіре отырып, қойылымдарды өз көздерімен көу мақсатында, 5-6 орыс сыныптарының оқушыларын Т.Ахтанов атындағы облыстық театрына, «Все мыши любит сыр» қойылымын тамашалауға апарылды. Қойылым балаларға өте қатты ұнады. Театр әдебінде ұстанды. Оқушылар театр қабырғасында алғаш рет болғандықтан, алдағы уақытта тағыда келуді, жаңа қойылымдарды тамашалауды ұсынды.

<https://www.instagram.com/reel/CyX148jo8jf/?igsh=MXhqZjRjMGhqbDF6dA>

**«Театрлық шеберхана» аудандық театрлық қойылым байқауына дайындық.**

**4 «Б» сынып оқушыларының орындауында «Доктор Айболит» қойылымы**

Автор:

Осы кезде бір қоян жылап келеді.

Қоян:

Ой-ой-ой!

Доктор Айболит:

Не болды саған Қоян достым?

Қоян:

Ішім ауырады.

Доктор Аиболит:

Иә,қиын жағдай екен.

Уақытты босқа өткізбейік

Қоянға не болды тексерейік.

Қане достым айта қойшы.

Бүгін сен не істедің

Жаттығумен айналыстыңба?

Қоян:

Жоооқ.

Доктор Аиболит:

Сумен шынықтыңба?

Қоян:

Жоооқ.

Доктор Аиболит:

Тамақ іштіңбе?

Қоян:

Жооқ.

Доктор:

Ой,қандай жаман жауап.

Онда Қоян сені емдеймін.

Автор:

Доктор

айболит қоянды емдейді.

Бір кезде қорбандаған аю келеді.

Аю:

Ой-ой-ой,менің басым.

Доктор:

Басыңа не болды?

Аю:

Орманда жүргенде тасқа құладым

Басым тасқа тиді.

А-аа-аа-аа-ааа

Доктор:

Ал енді досым,басыңды байлайын.

Ал енді достым менің кеңесімді тыңда.

Ата анаңды тыңда.

Олармен қыдыр.

Далада ата-анасыз қыдырмайды.

Доктор Айболит:

Балалар ата-анасыз далада қыдырама?

Балалар:

Жоқ.

Аю:

Мен енді білетін болдым. Анаммен қыдырамын

Доктор:

Айналаның бәрі қауіпті бұны есте сақта дос.

-Ал,балалар ауладағы қандай қауіпті қасиеттерді білесіңдер?

Балалардың жауабы:

Автор:

Осы кезде арылдап қасқыр келеді.

Қасқыр:

Ой-

ой-ой.

Айболит:

Не болды саған, қасқыржан?

Қасқыр:

Менің тісім ауырып барады?

Айболит: сен қандай тамақ жедің?

Қасқыр:

Тәтті тоқаш пен кәмпіт жедім.

Айболит :

Қасқыр сен әрине тәтті нәрсе жейсің, онда тісің ауырады.

Егерде сен көкөністер мен жемістер жесең, тісің ауырмас еді. Қане, тісінді емдейік.

Автор: Доктор Айболит қасқырдың да тісін емдеп береді.

Бір кезде жыламсырап түлкі келеді.

Ай-ай, ай...

Доктор Айболит:

Не болды түлкішек?

Түлкі:

Менің құйрығымды иттер жұлып алды. Ай-ай, ай.....

Доктор айболит:

Қане түлкішек құйрығыңды көрсетші, емдейік.

Сонда түлкі күліп жібереді.

Түлкі :

Мен алдадым, менің еш жерім ауырмайды.өйткені мен

таңертең жаттығу жасаймын, тамақты жақсы жеймін, және көкөністер жеймін  
дейді.

Автор:

Түлкі жаттығу жасап, денесін

қалай шынықтыратынын көрсете бастайды. Ал достары болса, оған  
ауыздарын ашып

қарап қалады.

Сонда доктор Айболит:

Жарайсың,

түлкіжан.Өте керемет жауап, міне түлкі барлық талаптарды біледі екен.

Естідіндерме. Егерде сендер осы талаптарды орындасаңдар ,сендерде түлкі  
сияқты

ауырмайтын боласыңдар. Түлкіжан көкөністер жейді екен. Көкөністер  
құрамында

бірнеше дәрумендер болады. Сендерде көкөністерді жиі жеп, жаттығумен

айналыссаңдар ауырмайсыңдар.Түсіндіңдерме ?



Ал менің айтқан кеңестерімді ұмытпай  
орындайсындарма?

Аңдар:

Иә,

иә, түсіндік, кеңестеріңізді орындаймыз, Доктор Айболит сізге көп көп  
рахмет

деп қоштасып, орманға  
кетеді.

**Айболит:**

Балалар да пайдалы кеңестерді білу  
керек.

1-кеңес:

Жаттығу жасау керек.

Шаршағандарың басылады.

2-кеңес:

Күн, ауа, су.

Біздің нағыз досымыз.

3-кеңес:

Таңғы ботқаны жеу керек, және қара нан пайдалы.

4-кеңес:

Кім сәбізді жеп, тамат шырынын ішсе, олда пайдалы.

Доктор Айболит : Міне

менің кеңестерім осы. Ешқашан шаршамай күліп жүріңдер. Қайталап айтам,

ауырмандар. Барлық кеңестерімді орындаңдар. Сау

болыңдар, балалар. Сендерге

денсаулық тілеймін.

### **«Театр тәрбие бесігі»**

#### **«Театр одна из основ воспитания»**

Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеу қабілеті мен қиялын дамытады. Театрда болу — әрқашан мереке.

Сахнада жүру, тұру, сөйлеу, сыйлау мәдениетіне үйренеді. Рөлді атқару арқылы бала жағымды әдет, жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйренеді, өзі жаман нәрсені қайталамауға тырысады.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой—өрісін, дүниетанымын жетілдіруде театр ойындары тиімді нәтиже береді. Қорыта келгенде, театр балалардың көркем қабілеттіліктерін жетілдіріп қана қоймай, оларды тұлғааралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге, сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады.

4 «б» сынып оқушыларының жас өнерпаздары 2 сынып оқушыларына «Моозко» қойылымын ұсынды.

<https://www.instagram.com/reel/C0I9YC2Ix3Z/?igsh=cGJvYnd4ZTZiej11>

### **«Театр тәрбие бесігі» Науыз мейрамы театрландырылған көрініс.**

Көрісу (Амал мерекесі деп те аталады) — Қазақстанның батыс өңірі мен Ресейдің шекаралас аймақтарындағы қазақтардың арасында сақталған ежелгі дәстүр.

Жаңа жылды Байбақты Қазыбек күнтізбесі бойынша қарсы алатын аймақ тұрғындары 14 наурызды «Көрісу (яғни қауышу) күні» деп те атайды. Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көрші-көлем бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ағуырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, көрші-көлем бір-бірін шеке асына шақырып, меймандардың отбасына, ағайын-туыстарына амандық-саулық, құт-береке тілейді.

Көрісу — тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Өйткені Көрісу салты бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді. Әлдеқандай себептермен 14 наурыз күні болмаған немесе сырт жақта жүрген кез келген адам ауылға жолы түскен бойда қариялардың қолын алып, сәлем беруге тиіс. Еліміздің дәстүрлі аталып өтетін, ұлттық мекелеріміздің бірі «Көрісу күні». Бұл дәстүрімізді, «Балалар және театр» жобасы аясында 8 «А» сынып оқушылары «Амал келді, жыл келді» тақырыбында көрісу салт-дәстүрін көрсетті.

<https://www.instagram.com/reel/C4fVYmBlAm/?igsh=MTM4ejR0MHZ0NnNteA==>

### **«Театр балалар көзімен»**

Жоспарға сәйкес «Балалар және театр» жобасының қатысушылары оқушыларды кітап оқуға шақыру мақсатында Қасым Қайсеновтың 1961 жылы жазған «Жау тылындағы бала» повесінен үзінді. Жазушы Отан соғысы кезінде жау тылындағы партизандардың басқыншыларға қарсы жасаған зор ерліктерін үлкен тебіреніспен суреттеп жазған.

### «Театр отбасында»

Жылдық жоспарға сәйкес мамыр айында 3 «а» сынып оқушыларына «Арыстан патша» театрландырылған қойылымы көрсетілді.

Бұрынғы заманда бір арыстан патша болып тұрыпты, неше түрлі аңдарды билеп. Сол арыстанның өзіне жақын Маймұн деген бір уәзірі болыпты. Арыстан бір күні бір жерге барып, екі ай жүріп келмекші болып, өзім келгенше патша бола тұр деп, орнына Маймұнды тастап кетіпті. Арыстанның кеткенін білген соң, әр жерден аңдар келіп, орын алып тұрыпты. Және арыстанның жәй уақытта өзі тұратұғын бір жақсы жеріне бір түлкі қатын-баласыменен келіп, тұрып алды. Бір күні мұны көріп Маймұн айтыпты:

– Әй, надан түлкі, патша арыстаннан қорықпайсың ба, егер келіп қалса, не жаныңды қояды, шапшаң кет! – депті.

Түлкі айтыпты:

– Сен мені түлкі деп ойлайсың ба, мен арыстан түгіл жолбарыстан да қорықпаймын. Бұл жер менің аталарымның жерлері, маған тисе керек, арыстан алды деп естіп келіп едім, арыстан қашып келгенде сен маған хабар бер, арыстанның кім екенін білдірейін, – депті. Сонда бұл Маймұн қорқыныш ойлап кетіп қалды.

– Бұл түлкі суретінде болып жүрген басқа мықты аң болар ма? – деп. Маймұн кетісімен түлкінің қатыны айтыпты:

– Бұл жерге тұрмай-ақ кетейік, егерде арыстан келіп қалса, Маймұн барып айтса, бізге ажал тапқызар, – дейді.

Онда түлкі айтыпты:

– Арыстан келгенде бір айла қылармын, – дейді.

Бір-екі күн өткен соң алыстан бір дауыс естіледі. Түлкінің қатыны айтыпты:

– Арыстан келіп қалыпты, не қыламын деп едің, айлаң болса қыл, – дейді.

Сонда түлкі айтыпты:

– Арыстан жақын келгенде, сен балаларды жылата бер, мен айғай салып айтамын «балалар неге жылайды?» деп, сонда сен айт: «балаларың жаңа арыстан етін қабап қылып бер дейді» – деп айт дейді. Бір уақытта арыстан жақындай қалыпты, сонда түлкінің қатыны балаларын жылата беріпті. Түлкі айғай салып айтыпты:

– Балалар неге жылайды? – депті. Қатыны манағы түлкінің үйретуі бойынша:

– Балалар жаңа арыстан етінен қабап қылып бер дейді, – депті.

Сонда арыстан естіп, тұра қалып, қасындағы Маймұнға қарай айтыпты:

– Бұл бір қуатты аң болар ма, мұнда балаларға арыстан етін тілейді деп неге айтады, бұл жерді тастап, екінші сахараға кетпек керек, – деп. Сонда қасындағы Маймұн айтыпты:

– Ай, тақсыр, тақсыр арыстан, сіз ақыр жер жүзінде болған аңның патшасы, көріңіз, егер көрсеңіз, бір жаман кішкентай аңның айдалары шығар.

Арыстан және жақынырақ жүріпті. Түлкінің қатыны және балаларын жылата беріпті. Түлкі және айғай салыпты:

– Неге жылатасың балаларды, үйде жолбарыс, қабылан еті көп емес пе? – дейді.

Сонда қатыны айтады:  
– Басқа аңдардың еттері толып жатыр, жаңа арыстанның етін тілейді, – дейді.

Сонда түлкі айтыпты:

– Балаларға айт, біраз сабыр етсін, осы жерді айналып жүрген бір арыстанды Маймұн достым алдап алып келсе керек, көп кешікпей келсе, арыстанды ұстап алып балаларға етін қабан қылармын, – дейді. Сонда арыстан қасындағы Маймұнға:

– Әй, залым, қиянатшы Маймұн, мені алдап өлтірмекке келесің, өзім өлместен бұрын, әуелі сені өлтірейін, – деп, Маймұн бейшараны пәре-пәре қылып тастап, өзі тез қашып кетіпті. Түлкі айласыменен арыстанның жерін өзіне қаратып алады.

<https://www.instagram.com/reel/C7Rlcl6IU-d/?igsh=NXp1bGxrMWJlYnMw>

**Театрлык қойылымдарға бару. (Жыл бойы)**

<https://www.instagram.com/reel/CyX148jo8jf/?igsh=MXhqZjRjMGhqbDF6dA==>

<https://www.instagram.com/reel/C7Rlcl6IU-d/?igsh=NXp1bGxrMWJIYnMw>

**«Театр этикеті». (Жыл бойы)**

<https://www.instagram.com/reel/C2KA1oDI-Wq/?igsh=dGlyOTVpcHV3a25l>